Абимұқамет Мәрмәр, Әкімбек Лашын,  Қонысбек Алтынай

# Сын есім галактикасы

Әдістемелік кітапша

5- сынып

# СӨЗ БАСЫ

Құрметті ұстаз!

Ұстаз болу – ұлы миссия. Әр оқушының жан дүниесіне жол тауып, оның ой-санасын қалыптастырып, тілін дамыту – сіздің қолыңызда. Ал бұл жолда ана тіліміздің қыр-сырын терең меңгеріп, оны шәкірт жүрегіне сіңіру – басты міндеттердің бірі.

«Сын есім галактикасы» әдістемелік құралы – қазақ тіліндегі сын есім тақырыбын меңгертуге бағытталған жүйелі оқу-әдістемелік көмекші. Бұл құрал 5-сынып оқушыларының жас ерекшелігі мен танымдық қабілеттеріне сай құрастырылып, сын есімнің табиғатын, оның тұлғалық және құрамдық жіктелуін, мағыналық түрлерін, заттану үдерісін жан-жақты қамтиды.

Құралда теориялық мәліметтермен қатар, оқушылардың қызығушылығын арттыратын тапсырмалар, жаттығулар, креативті ойлауға жетелейтін әдістер, сараланған білім беруге арналған бағыттар берілген. Әрбір тақырып оқушылардың тілді қолдану дағдыларын дамытумен қатар, сіздің әдістемелік шеберлігіңізді арттыруға да ықпал етеді.Бұл материалдар қазақ тілі пәні мұғалімдеріне күнделікті оқу үдерісінде әдістемелік көмекші құрал бола отырып, білім сапасын арттыруға септігін тигізеді деген сенімдеміз.

*Әдістеме жинағының авторлары*

# Сын есім


Тілдік бағдар!
Сын есім заттың сындық, сапалық қасиеттерін білдіретін, сындық ұғым атауы болатын сөздер.
Сұрағы – қандай? қай?





“Төрт сурет,бір сөз”




**Жұмбақтардың жауабын тауып,тапқан жауабыңның біреуін таңдап,шағын мәтін құрастырып жаз. (50-60 сөз)**

## Сиқырлы сын есім

Арғы бетінен жиде гүлінің тәтті иісі келді. Сары қыз жұпар ауаны құмарта жұтып, мейірі қанғанша иіскеді. Таза ауада іде жақсы дем алып, әрі шиеге тойып, олар үйлеріне көңілді оралды.

**Сын есімдер:**

**Орындаған:**

___________________

## Сиқырлы сын есім

Қара қарғалар ағаштың басында отыр. Тоғайда неше түрлі ағаштар өскен. Бірі жуан, бірі аласа. Біреуінің сыртқы қабығы қалың, кедір - бұдыр, ана біреуінің қабығы жұқа, жып - жылтыр.

**Сын есімдер:**

**Орындаған:**

___________________

## Бос орынға сын есімдерді қойып, талдау жаса.

Орындаған:_______________________




Ең __________ бағдаршам XIX ғасырда пайда болды. Ол 1868 жылы Лондон парламенті орналасқан көшеге қойылды. 1869 жылы бағдаршамның шамы жарылып, __________ жерде тұрған полиция сақшысын зақымдаған. Содан құрылғы __________ жылдар бойы ұмыт қалды.





## Бос орынға сын есімдерді қойып, талдау жаса.

Орындаған:________________________



Қайық — көліктің ең __________ түрі. Олар көп жыл бұрын пайда болды. Қайықтардың әртүрлі өлшемдері мен пішіндерінде болады, бірақ барлығына __________ ерекшелік — олар жеңіл әрі маневрлі. Кейбір қайықтар өте жылдам, ал енді бірі тұрақты және кең, бұл __________ сапарларға ыңғайлы.





# ТАПСЫРМА

| Сөйлем | Сын есім |
|---|---|
| Қараңғы түнде аспандағы жарқын жұлдыздар таңғажайып көрініс ұсынады. | |
| Ғарыштағы алыс жұлдыздар миллиардтаған жылдар бойы жарық береді. | |
| Жұлдызды аспан астында отырып, тыныш және бейбіт сезінесің. | |
| Күн сәулесінен басқа, жұлдыздар да ғарышқа ерекше жарық шашады. | |
| Жұлдыздардан шыққан жарық кейде өте айқын, ал кейде әлсіз болып көрінеді. | |
| Түнгі аспандағы жұлдыздар әдетте өте керемет және жылдам қозғалады. | |

## Сын есім құрамына қарай

### Дара

Дара сын есімдер — құрамы бір ғана сөзден тұратын сындық мағыналы сөздер: *әдемі, жақсы, күлкішіл, ұзын, қоңыр т.б.*

### Күрделі

Күрделі сын есімдер — ең кемі екі сөзден құралып, бір сындық ұғымды білдіретін сөздер: *күрең қызыл, қара ала, қара сұр, ақ сақалды т.б.*

ақ түс

Сөйлем:

Мағынасы:

өткір мінез

Сөйлем:

Мағынасы:

көкірегі ояу

Сөйлем:

Мағынасы:

биік тау

Сөйлем:

Мағынасы:

**Сөйлем құрастыр.**
**Сөздің мағынасын ажырат.**

**Орындаған:**

Жақсы бала

Сөйлем:

Мағынасы:

ішім күйді

Сөйлем:

Мағынасы:

үйдің кілті

Сөйлем:

Мағынасы:

жылы сөз

Сөйлем:

Мағынасы:

**Сөйлем құрастыр.**
**Сөздің мағынасын ажырат.**

**Орындаған:**

# “Tarsia” әдісі

# СЫН ЕСІМ

Дара сын есімдермен жүре отырып, зымыранмен айға жете аласың

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
|  → | | бес | алма | кітап |
| | | көркем | парта | бал |
| | | қатты | ақылды | үй |
| жүр | торғай | жуан | кіші | күнделік |
| ұшақ | түн | білімді | қызыл | асық |
| қарға | арық | биік | сопақ | жүзім |
| қайық | қызыл | құс | сүт | жастық |
| аққу | ұсақ | бес | апа | дәптер |
| батыр | тәтті | терең | мұғалім | қант |
| арман | қалам | әдемі | →  | |
| бұзау | құлау | ұзын | | |
| секір | сан | қадам | | |

# Сын есім тұлғасына қарай

## Негізгі

Негізгі сын есім қосымшасыз , негізгі түрінде жазылады . Мысалы: көк , таза , сыпайы , жеңіл , жабайы.

## Туынды

Туынды сын есім түбірге жұрнақ арқылы жасалынатын сын есім.Мысалы: көшпелі , ақылды, *әлсіз , оқымысты , сәнқой.*

# ҚОС ЖАЗБА

Айшаның арманы – көкке самғау еді. Бір күні ол орманда серуендеп жүріп, жарқыраған ерекше ұшаққа тап болады. Бұл – жай ұшақ емес, оймен басқарылатын қиял-ғажайып көлік еді. Айша тек бір-ақ сөз айтты:
– «Жұлдыздарға!»
Ұшақ күміс қанаттарын жайып, аспанға көтерілді. Бұлттардың арасынан өтіп, ғарышқа жеткенде, Айша жарық жұлдыздардың арасында қалықтап, балалық арманының орындалғанын сезінді. Ұшақ оны өз уақытына қайтарды, бірақ енді оның жүрегінде шексіз мүмкіндіктерге сенім пайда болды.

Мәтіндегі сын есімдерді тұлғасына қарай талдап жазыңдар.

Орындаған: ____________________






**Ребусты шешіп,шыққан сөзге туынды және негізгі сын есімдерді пайдаланып шағын мәтін жаз (50-60 сөз).**

Көкжиегі тұйық дөң,
Шатыртіккенбиіккең.

Тіршілік аусар тек,
Ұстасаң қауқар жоқ,
Айналам қоршау көк,
Оданасқанкәусаржоқ.

Жайғаным түктік ілем,
Ілгенім–тықыркілем.

Қос алып көз, Бірі –
жарықта көреді, Бірі
қараңғыда көреді.

Айдалада көк шатыр,
Көк шатырда Қызыл
көзді шал жатыр.

Үлкен алтын табақтан,
Әлемге нұр таратқан.

Алып мұхит – ақ алау,
Шетішексізжағалау.

Орақ болып туады,
Табақ болыптынады.

Бейнесі суда дірілдейді,
Қармаққа бірақ ілінбейді.

Сарайдың сансыз
шырағы,
Нұршашып, самсап
тұрады.

Көк жүзінде ай батқан,
Жолақ жатыр, Аумаған
Төгіпалғанқаймақтан.

Көшіп жүріп желменен,
Сеуіп шықты тамшысын,
Қыраттарғашөлдеген.

**1.Жұмбақтардың жауабын табыңдар.**
**2.Жұмбақтардан сын есімдерді тауып,тұлғасына қарай талдап жазыңдар.**

# ТУЫНДЫ СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

**Есім арқылы**

**Етістік арқылы**

**Мысалдар**

**Мысалдар**

**Орындаған:**

# Сын есім мағынасына қарай

## Сапалық

Сапалық сын есім сын есімнің тікелей өзі, яғни заттың түр-түсін, сын-сапасын анықтайды. *Мысалы, жасыл (алқап), сарғыш (гүл), тәп-тәтті (алма).*

## Қатыстық

Қатыстық сын есім заттың сын-сипатын басқа сөз табының қатысы арқылы білдіреді. *Мысалы, орманды алқап, гүлді өңір, алмалы бақ, әдепті қыз.*

# Тақырып: қатыстық және сапалық сын есім

Орындаған:



Кім қай балықты ұстады?



Қатыстық сын есім

Сапалық сын есім



# СӘЙКЕСТЕНДІРУ

**Берілген сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сын есімдерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыз.**

| | |
|---|---|
| кірсіз, кір шалмаған, мұнтаздай | қадірлі |
| тап-тұйнақтай, жинақы | әдепті |
| ізетті, тәртіпті | ұқыпты |
| ажарлы, оңді, көркем | таза |
| сыйлы, құрметті | көрікті |

# МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**Орындаған:** ________________________________

Түнгі аспанда жарқыраған шексіз ғарыш ерекше әсер қалдырады. Терең кеңістікте орналасқан алыс жұлдыздар мен алып ғаламшарлар көзді тартады. Ғарышта адам қолымен жасалған жасанды серіктер айналып жүр. Олар арқылы біз ғарыштық жаңалықтарды біліп отырамыз. Жарқын жұлдыздар мен салқын айдың бейнесі адамды армандар әлеміне жетелейді.

**Қатыстық сын есім:**

**Сапалық сын есім:**


Тау
Су
Жаз
Қыс
Өнер
Саз
Ой
Еңбек
Әдеп


Күз
Дәм
Тәртіп
Гүл
Сән
Ақыл
Шөл
Салмақ
Иба


С
дәрумені
(қатыстық сын есім
жасауға арналған)
C

# Тілдік бағдар!

Сын есімдерге көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанса, онда сын есім зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметін атқарады. Бұл сын есімнің заттануы деп аталады.

Мысалы:

Жақсы (кім?) — ісімен жақсы.

Жақсыны (нені?) көрмек үшін.

# Сын есімнің заттануы


ҮЛКЕН
сын есімді көптен, заттандыр.
КӨП
сын есімді шығыс септігінде заттандыр.
@vipadys_qazaqtili
87785698798
эл.нұсқаны таратуға тыйым салынады.
ҚЫЗЫЛ
сын есімді тәуелден, заттандыр.
АҚЫЛДЫ
сын есімді көптен, заттандыр.


КӨК
сын есімді тәуелден, заттандыр.
БИІК
сын есімді септеп, заттандыр.
@vipadys_qazaqtili
87785698798
эл.нұсқаны таратуға тыйым салынады.
ЖАҚСЫ
сын есімді жатыс септігінде заттандыр.
АҚ
сын есімді көптен, заттандыр.

# МӘНМӘТІН

**“Жаңа көліктер автосалонда сатылымға шықты. Жылдамдар бұл жарыста бірінші болып келді. Қызылдар арнайы жолақпен жүреді. Ескілер әлі де жөндеуді қажет етеді. Қымбаттар мен арзандар арасындағы айырмашылықты байқадың ба?”**

**Сұрақ:**

- ***Мәтіндегі заттанған сын есімдерді тауып, олар қандай сөз таптарының орнына қолданылып тұрғанын анықта.***

***Жауап:***

**Орындаған:** ______________________________

# Сын есім шырайлары

## Салыстырмалы

*Заттың ұқсас сапаларының артық я кемдігін -рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу; -ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -шылтым; -аң, -ғыш, -гіш, т.б. жұрнақтар арқылы салыстыра көрсетеді.*

## Күшейткіш

*Күшейтпелі шырай бір заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетіп тұрады. Ол, біріншіден, күшейтпелі буын арқылы жасалады. Жап-жасыл жер жүзінің қоштығына. Екіншіден, белгінің күшейтпелі реңкі өте, аса, ең, тым, тіпті т.б.күшейткіш үстеулердің тіркесуі арқылы да жасалады*



Артықшылығы

Кемшілігі



Артықшылығы

Кемшілігі



Артықшылығы

Кемшілігі

**Төмендегі сын есімдерге шырай жұрнақтарын жалғап, сөйлем құра**



Ақ

Биік

Шыдамды

Жүйрік

**Төмендегі сын есімдерге шырай жұрнақтарын жалғап, сөйлем құра**



Таза

Семіз

Қызыл

Пысық

**Төмендегі сын есімдерге шырай жұрнақтарын жалғап, сөйлем құра**



Арық

Ақылды

Кір

Тез

**Төмендегі сын есімдерге шырай жұрнақтарын жалғап, сөйлем құра**



Мықты

Жасыл

Тәтті

Сыпайы

# ЖАЗБА ПАРАҚ

## Ғарыштық күнделік жазу

**Тапсырма:**
Сіз ғарышқа сапар шегіп, жерден тыс ғаламшарға жеткен ғарышкерсіз. Қайсы бір ғаламшарды таңдағаныңызды және сол жерде не көргеніңізді сипаттаңыз.

- Ғаламшардың түрі қандай?
- Сіз қандай тіршілік формаларын кездестірдіңіз?
- Ғарыш кемеңіздің ерекшеліктері қандай болды?
- Бұл сапардан алған әсерлеріңізді күнделік түрінде жазыңыз.

**Нұсқаулық:**
Күнделікті ғарышқа сапарыңыздың әр күнін 5-7 сөйлеммен сипаттаңыз. Қиялыңызды пайдаланып, ғарыш әлеміндегі тәжірибеңізді баяндаңыз.



**Суретті аяқтап, өзіңді сипаттап жаз.**



# Семантикалық карта

| сын есімдер | дара | күрделі | сапалық | қатыстық |
|---|---|---|---|---|
| Сұп-сұлу | | | | |
| Улы | | | | |
| Тыныш | | | | |
| Өте жақсы | | | | |
| Тапқыр | | | | |
| Көк ала | | | | |
| Тентек | | | | |
| Бақытсыз | | | | |
| Жаман | | | | |
| Тым пысық | | | | |
| Жалқау | | | | |



# “Ой жұмбақ” әдісі

Ұяшықты таңда!


Шатасқан әріптер!

Сөйлемді толықтыр!